Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі
КМҚК «№1 Алматы қазақ гуманитарлық – педагогикалық колледжі»
Алматы қаласы Білім басқармасы

БЕКІТЕМІН
№1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжінің **директоры**
_____ **М.Т. Мендгазиева**
«31» тамыз 2024-2025 оқу жылы

№1 АЛМАТЫ ҚАЗАҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Парақтарының саны -4 бет

Алматы,2024

Кіріспе

Құрметті білім алушылар!

Алматы қаласы Білім басқармасының коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «№1 Алматы қазақ гуманитарлық - педагогикалық колледжі» (бұдан әрі – Колледж) 1978 жылы құрылған.

- Колледж ұжымы алдына қойған басты міндет – елімізге қажетті, жоғары білікті, сұранысқа ие, табысты мамандарды, мықты тұлғаларды және абыройлы азаматтарды даярлау.

Біз Сіздерге болашақта табысты мансап құруларыңыз үшін барынша терең білім, іскерлік және дағдылар беруге тырысамыз.

Сіздерді қабылдай отырып, біз сапалы әрі қолжетімді техникалық және кәсіптік білім беруді қамтамасыз ету жөнінде міндеттеме аламыз. Тәртіпті сақтау үшін әрдайым үлкен күш пен шығын қажет. Сол себепті біз Сіздерден Колледждің Ішкі тәртіп ережелерін (бұдан әрі – Ережелер) құрметтеуді әділ түрде талап етеміз.

- Колледж Ережелері – бұл оқу орны қабырғасындағы мінез-құлық нормаларының толық жинағы ғана емес, сонымен қатар сіздердің күнделікті өмірлеріңіздегі жолбасшы.

Сіздердің білім алудағы және колледж өміріндегі белсенді қатысуларыңыз колледждің жаңа даму деңгейіне көтерілуіне ықпал етеді деп сенеміз.

Ізгі ниетпен табыс тілейміз,
Колледж ұжымы.

1. Жалпы ережелер

Осы Ережелер колледждің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және қарым-қатынасты реттеу, білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, оқу уақытын тиімді пайдалану, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру, оқу және еңбек тәртібін нығайту, Колледж студенттерінің мәдениетті мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында Колледж Жарғысына сәйкес әзірленді.

Осы Ережелерді қолдануға қатысты барлық мәселелер Колледж әкімшілігі тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және өз құзыреті шегінде шешіледі.

2. Колледж білім алушыларының міндеттері

Колледж білім алушылары міндетті:
2.1. Қазақстан Республикасының лайықты азаматтары болуға, ҚР Конституциясын білуге және сақтауға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ұлттық дәстүрлерді қадірлеуге.
2.2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім, білік, дағды мен құзыреттерді меңгеруге; ішкі тәртіп ережелерін сақтауға; осы Жарғыда және (немесе) білім беру қызметін көрсету шарты мен Колледждің жеке құқықтық актілерінде қарастырылған басқа да талаптарды орындауға.
2.3. Өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық тұрғыдан жетілуге ұмтылуға.
2.4. Педагогтың ар-намысын және қадір-қасиетін, сондай-ақ оқитын білім беру мекемесінің дәстүрлерін құрметтеуге.
2.5. Сабаққа және кәсіби тәжірибеге себепті жағдайлармен қатыса алмаған жағдайда:

- оқу күні басталғанға дейін (1-ауысым – сағат 8.00-ге дейін, 2-ауысым – сағат 13.00-ге дейін) топ старостасын, кураторды, пән оқытушысын немесе практика жетекшісін хабардар етуге;
- колледжге келген алғашқы күні себепсіз қалдырған сабақтары бойынша құжат ұсынуға;
- ауру жағдайында ресми тіркелген медициналық мекемеден анықтама беруге;
- ерекше жағдайларда, ата-анасының немесе заңды өкілдерінің колледж басшысының атына 2–3 күн бұрын жазбаша өтініш беруіне болады.

2.6. Колледждің материалдық құндылықтары мен мүлкіне (құрал-жабдық, оқулықтар, аспаптар, оқу құралдары және т.б.) ұқыпты қарауға.
2.7. Тәртіпті сақтауға, әкімшілікке, педагогтарға, қызметкерлерге, кәсіби тәжірибе кезінде жұмыс берушілер өкілдеріне және басқа білім алушыларға сыпайылық танытуға.
2.8. Колледжде белгіленген киім үлгісін сақтауға:

- ұлдар: ақ немесе ашық түсті (ашық қызғылт, ашық көк, ашық сары) жейде, қара, қою көк, қою қоңыр немесе қою жасыл түсті шалбар;
- қыздар: классикалық шалбар немесе еркін үлгідегі ұзын кеңселік юбка, жинақы шаш үлгісін қою, ұзын шаштарын өріп, түйіп жүру (қыздарға), ал ұлдарға – қырынбаған сақал-мұртқа тыйым салынады;
- өндірістік оқыту және тәжірибе кезінде арнайы жұмыс киімі;
- дене шынықтыру сабақтарына бірдей түсті және үлгідегі спорттық форма;
- бастапқы әскери және технологиялық дайындыққа – белгіленген үлгідегі әскери түсті жейде мен галстук.

2.9. Сыныптан тыс, спорттық және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысуға; колледж аумағында және ғимараттарында тазалық пен тәртіп сақтауға.

2.10. Сабақта және өндірістік оқыту барысында, колледж ғимараттарында бәсең дауыста, мәдениетті сөйлесуге, этика нормаларын сақтауға.

2.11. Колледжге таза әрі жинақы болып сабақ басталғанға дейін 15 минут бұрын келуге (1-ауысым – 7.45, 2-ауысым – 13.45); маусымдық сырт киімді гардеробқа тапсыруға.

2.12. Аралық және қорытынды аттестация (емтихан) кезінде мына талаптарды сақтауға:

- кешікпеуге;
- тыныштықты сақтауға;
- ұялы телефонды сөндіруге;
- педагогтар мен білім алушыларды құрметтеуге;
- сөйлеспеуге, ақпарат алмастырмауға;
- аудиториядан шықпауға;
- шпаргалка қолданбауға.

3. Колледж білім алушыларының құқықтары

Білім алушылар құқылы:

- мемлекеттік стандарттарға сәйкес сапалы білім алуға;
- педагогикалық кеңес шешімімен жеке оқу жоспарлары немесе қысқартылған бағдарламалар бойынша оқуға;
- оқу жоспарларына сәйкес таңдау пәндерін оқуға;
- бейімділігі мен қажеттілігіне қарай қосымша білім алу қызметтерін ақылы негізде пайдалануға;
- білім беру ұйымын басқаруға қатысуға;
- басқа оқу орнына немесе мамандыққа ауысуға, ақылы бөлімнен мемлекеттік тапсырыс негізіндегі оқуға, оқу формасын ауыстыруға;
- денсаулығына байланысты академиялық демалыс алуға;
- ақпараттық ресурстарды, кітапхананы, спорттық және оқу залдарын тегін пайдалануға;

- емтиханды қайта тапсыруға (шектеулі ретпен);
- өз пікірін еркін білдіруге, ар-намысын құрметтеуге;
- оқу, ғылыми және шығармашылық жетістіктері үшін мадақтаулар мен марапаттаулар алуға;
- әлеуметтік көмек пен мемлекеттік шәкіртақы алуға;
- ресми іс-шараларға қатысқанда жол ақысы, тұратын жері мен тамағы шығындарының орнын толтыруға.

4. Колледж білім алушыларына тыйым салынады

4.1. Колледжге атыс қаруын (травматикалық, газды, пневматикалық, электрошокты және т.б.) әкелуге.
4.2. Пышақ, кесетін, ұратын құралдарды, өндірістік құралдарды (дәрігерлік рұқсатсыз шприцті қоса алғанда) әкелуге.
4.3. Оқ-дәрі, жарылғыш және жанғыш заттарды, улы химиялық заттарды, пиротехника, газ баллоншаларын, психоактивті және темекі өнімдерін (электронды, кальяндық және т.б.) әкелуге.
4.4. Мобильді құрылғыларды сабақтан тыс мақсатта пайдалануға (тек оқу үшін рұқсат).
4.5. Дәрілік препараттарды медициналық рұқсатсыз әкелуге.
4.6. Бір-бірімен дөрекі түрде қарым-қатынас жасауға, төбелесуге.
4.7. Бопсалауға, қысым көрсетуге, буллинг жасауға.
4.8. Әкімшіліктің рұқсатынсыз құрал-жабдық пен мүлікті алып шығуға.
4.9. Діни тиесілігін көрсететін киім элементтерін киюге (хиджаб, паранжа, қысқа балақ, ермолка, куфия және т.б.).

5. Білім алушыларды оқудан шығару негіздері

5.1. Оқудан шығару мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- оқуын аяқтағанда;
- басқа оқу орнына ауысқанда;
- өз өтініші бойынша;
- ішкі тәртіп ережелерін немесе колледждің құқықтық актілерін бұзғанда;
- ҚР білім беру саласындағы заңнамасының талаптарын орындамаған жағдайда;
- оқу-тәрбие процесінің талаптарын орындамаған жағдайда;
- себепсіз сабақтарды жүйелі түрде қалдырғанда;
- Педагогикалық кеңес шешімімен шарттық міндеттемелерді орындамаған жағдайда;
- тұрғылықты жерін ауыстыруға немесе ҚР-нан тыс тұрақты тұруға кеткенде;
- ҚР Конституциясы мен заңдарына қайшы келмейтін басқа да жағдайларда.